

МАД және бастауыш сыныптар арасындағы сабақтастық жұмысы АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында мектепалды даярлық тобымен бастауыш сыныптар мұғалімдерінің қатысуымен отырыс ұйымдастырылып, сабақтастық жұмыстары бойынша жылдық жоспар құрылды.

Сабақтастық бойынша жылдық жоспар

Мақсаты: Педагогикалық процеске тұтас, дәйекті және перспективалық сипат бере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқушылары арасындағы сабақтастық кезеңдерінде бірыңғай даму желісін жүзеге асыру.

Міндеттері:

- даярлық сыныптағы даму деңгейіне, қабілеттеріне сүйену;
- даярлық сыныпта жетік қалыптаспаған қасиеттерді жетілдіру бағытындағы арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру;
- ойын арқылы оқу әрекетін қалыптастыру;
- психологиялық зерттеулер қорытындысын оқу - тәрбие үрдісінде басшылыққа алу;
- осы бағытта ата - аналармен әңгіме жүргізу.

Сабақтастықты жүзеге асырудағы мұғалімнің әрекеттері:

- даярлық сынып сабақтарына қатысып, балаларды сырттай бақылау;
- 1 - сыныпта ойын әрекетін басымдық қолданып, біртіндеп оқу әрекетіне көшу;
- сабақты 1 - ші ауысымның 2 - ші сағатынан бастап, 35 минуттан өткізу;
- қонырау үзілістерін 10 - 20 минуттан жылжымалы ойындар түрінде ұйымдастыру;
- әрбір баланың педагогикалық - психологиялық картасын жалғастыру;
- бейімделу жағдайларын үнемі бақылауда ұстап, мектеп психологына хабарлап отыру;
- оқыту мен тәрбиелеу үрдісін сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының философиясы мен әдіс - тәсілдері негізінде ұйымдастыру;
- бастауыш сынып мұғалімдерін сынып сабақтарына шақыртып, таныстыру;
- бастауыш буында өтетін шараларға балаларды белсене қатыстыру;
- бастауыш сыныптардың апталық жиынына қатысу (2 - ші жартыжылдықтан);
- балаларды мектептің бірыңғай тәртіп талабына, бірыңғай орфографиялық, каллиграфиялық талаптарға үйрету;
- әрбір оқушының шығармашылық жұмыстарын жеке папкаларға жинақтауды жалғастыру;
- әрбір балаға, сыныпқа жазылған педагогикалық мінездемені зерттеу, толықтыру.

Жалпы сабақтастық жоспары 3 бағытқа бағытталды:

- 1.Әдістемелік жұмыс
- 2.Балалармен жүргізілетін іс-шаралар.
- 3.Ата-аналармен өзара әрекеттесу.

Жалпы бастауыш сынып мұғалімдері мен мектепалды даярлық сынып мұғалімдері жыл бойы үздіксіз сабақтастық жұмыстарын атқарды. Жоспарға сай іс-шаралар мен жиналыстар өткізілді. Жоспарға сай барлық іс-әрекеттер мектеп сайты мен инстаграмм желісіне уақыты жүктеліп отырды.

Бақылау жүргізген: Жиенгарина А.М.